

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№45 (7934)

Жұма
3 қараша
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарды

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент сессиясының ашылуында «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауын таныстырды.

Ең алдымен, Президент өткен жылғы бағдарламалық баяндамадан кейін бір жыл ішінде жасаған кейбір қорытындыларын шығарды. Бұрын қойылған көптеген міндеттер орындалды. Елдің жетістіктері әсерлі. Президент «абстракттілі жетістіктерге емес, азаматтардың өмірін нақты жақсартуға негізделген жаңа экономикалық модельге» көшуді жариялады. «Елдің жаңа эконо-

қорғаныс-өнеркәсіп кешенін нығайту; агроөнеркәсіптік кешенде нақты серпіліске қол жеткізу...

Президент атом станциясының құрылысына қатысты шешімге байыпты қарауға шақырды: «осы мәселе бойынша қоғамдық тыңдаулар мен жан-жақты талқылауды жалғастыру керек». Су ресурстарының жағдайын түзету үшін де шешуші әрекет қажет. Көлік саласының проблемаларына тоқтала отырып, Қ.Тоқаев Қазақстан көрші елдермен Ресеймен және Қытаймен тығыз ынтымақтастықты жалғастыратынын атап өтті. Президент сондай-ақ Қазақстанды IT-елге айналдыру міндетін қойды. Мұнда жоғары білікті кадрларды даярлаумен айналысатын еліміздің жоғары оқу орындарына үлкен рөл беріледі. Еліміздің рухани өмірі туралы айта келе, мемлекет басшысы: "экономика мен жұмыспен қамтудың өсуінің тағы бір нүктесі – медиа, кино, музыка, дизайн,

Ел әлеуетін көтеруге жаңа бағыт

микалық бағытының айқындаушы қағидаттары әділдік, инклюзивтілік, прагматизм болады».

Мемлекет басшысы өз Жолдауында белгіленген мақсатқа қарай ілгерілемелі қозғалысты қалай іске асыру керектігі туралы пайымға егжей-тегжейлі тоқталды. Қазақстан өзін-өзі қамтамасыз ететін ел болуға тиіс. Бұл үшін елімізде қажеттінің бәрі бар – еңбек, капитал, ресурстар, технологиялар. Жаңа өнеркәсіптік саясат – бұл ел экономикасын толығымен жаңғырту мүмкіндігі. Осыған байланысты елдегі толық өндірістік циклге қол жеткізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік машина үлкен рөл атқарады. «Елдің экономикалық дамуы бойынша ұсынылған барлық жобалар мен бастамалар егжей-тегжейлі есептеулер мен зерттеулерге негізделген».

Дерек шешілуі керек мәселелердің ішінде Президент бірқатар маңызды мәселелерді атап өтті. Олардың ішінде: мемлекеттік сатып алудың жаңа саясатын енгізу; ішкі нарықты қорғау жөнінде шаралар қабылдау; өндіруші сектор өндірістерінің экологиялық аудиті; тау-кен секторын басқару жүйесін жаңғырту;

білім беру, ақпараттық технологиялар саласын қамтитын креативті индустрия", – деп атап өтті. Үкіметтің назарынан тыс қалған орта бизнесті дамыту проблемалары ерекше назар аударуды талап етеді.

Еліміздің әрбір тұрғыны бей-жай қарамай, өз орнында бола отырып, Әділ Қазақстанның құрылысына және қалыптасуына барынша үлес қосуы тиіс. Ең алдымен, бұл зиялы қауымға, ғылымның, техниканың және мәдениеттің әртүрлі салаларында білімі мен арнайы білімі бар адамдарға қатысты.

Жалпы білім беру жүйесінің міндеті – «ең жақсы қасиеттерді бейнелейтін» жастарды тәрбиелеу. Біз, Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқытушылары жас ұрпақтың бойында патриоттық, білімділік, еңбекқорлық, тәртіптілік, әділдік, үнемшілдік және жауаптылық сияқты қасиеттерді пәрменді тәрбиелеуге тиіспіз. Мұндай қасиеттерге ие ұрпақ үшін қол жетпейтін биіктіктер болмайды.

А.Жетпісбаева,
«Айгөлек» бөбекжайының тәрбиеші,
педагог-модераторы,
Сарышаған кенті.

*Қазақстан - 2050: білім стандарты

Жыл мұғалімі анықталды

Білімді елдің мерейі үстем, бәсекеде бәсі жоғары болатынын адамзат баласы әлдеқашан мойындады. Сондықтан, әуелі бала емес, мұғалімнің өзін жетілдіріп, ізденімпаздыққа, жаңашылдыққа ынталандыру қажет.

атындағы негізгі орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айнұр Төлеген – II, Қызыларай жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Меруерт Сағымбекова – III орын иеленді. Со-



Осы мақсатта аудандық білім бөлімінің бастамасымен біршама жұмыс атқарылуда. Солардың бірі 27 қазан күні жергілікті білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Жыл мұғалімі» байқауының аудандық кезеңі өтті. Нәтижесінде байқаудың бас жүлдесі Шашубай кентіндегі тірек мектебінің география пәнінің мұғалімі Елдос Жаңбырбайға бұйырды. I орынға Ә.Бөкейхан тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Арайлым Теңелді лайық деп танылды. Ә.Болғанбайұлы

нымен қатар, Тасарал жалпы білім беретін мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі Айжан Исақова «Ең үздік сабақ», Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Бақытгүл Ибраева «Ең үздік сыныптан тыс іс-шара» номинациясымен марапатталды.

Байқауға қатысушыларға дипломдар мен сертификаттар табысталды. Бас жүлде иегері Жаңбырбай Елдос Жаңбырбайұлы байқаудың облыстық кезеңінде Ақтоғай ауданының намысын қорғайтын болады.

Өз тілшімізден.

*Аудан әкімдігінде

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы марафон

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, қоғамдық дертке қарсы қозғалысқа қалың бұқараны тарту арқылы сыбайлас жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендету – бүгінгі күннің басты талабы. Осынау ізгі мақсатта «Адал бол LIKE» марафоны аясында аудан әкімінің орынбасары А.Аманжоловтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша семинар өтті.

Семинарға кент, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, аудан жастары, қоғам ұйым өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов: «Жемқорлықтың алдын алу мақсатымен көптеген іс-шаралар қолға алынып, атаулы жұмыстар жасалуда. Десек те бұл жегі құрттың тамырына балта шауып, түбегейлі жойып жіберу мүмкін болмай тұр. Соттаумен, шара қолданумен немесе жазаға тартумен іс бітпейтіні анық, – деп, бүгінгі күні ұлттық проблемаға айналып үлгерген сыбайлас жемқорлықтың елдің дамуына тигізер кері әсері мен оған қатысты тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, сонымен қатар, жалпы халықтың арасында «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруға қатысты ұстаным болуы керектігін тілге тиек етті. Сол мақсатта ұйымдастырылған кешенді іс-шаралардың тұрғындар санасын сілкіткіп, ортақ мүдде тұрғысында сыбайлас жемқорлықпен күреске ынталы болатындығына сенім білдірді. Семинарда барлық нысаналы топтар қамтыла отырып, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік институттардың дамуын тежейтіні, әлеуметтік өзгерістерге және ұлттық экономиканың тиімділігін арттыруда кедергі келтіретіні атап өтілді.

Т.Жумадилова,
аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы.

«АҚТОҒАЙ АЖАРҮ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

1 жылға – 4914,60 теңге.

6 айға – 2457,30 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

1 жылға – 5914,56 теңге.

6 айға – 2957,28 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайып!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

Республика күніне орай аудан орталығындағы спорт кешенінде Алашорда үкіметінің негізін қалаған, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхан атында ерлер арасында XIII-ші облыстық турнир болып өтті.

Әлихан Бөкейхан – қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-

көксеген Әлекеңнің игілікті істері мен ұлтына қалдырған میرасын ұмытпай, ұлықтау – ұрпақтың ұлы парызы. Жұрттың жоғын түгендеп, елінің ертеңін ойлаған, азаттық ақ таңын аңсаған нар тұлғаны қанша дәріптесек те артық емес. Әлиханның туған жері Ақтоғай ауданында өскелең ұрпаққа Алаш көсемін насихаттау мақсатында түрлі шаралар өткізіліп келеді.

ұлт көсемінің елі үшін жасаған есіл еңбегі мен қалдырған қазынасы ешқашан ұмытылмайтынын айтып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Қазақ күресінен, вoleyбол спортынан облыс, республикалық жарыстардың жеңімпазы, жерлесіміз Ералы Жаров жиылған жұртшылықты турнирдің ашылу салтанатымен құттықтады.

Алаш арысы ардақталды



қайратын, бар саналы өмірін арнаған адам. Қара басының қамын емес, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түскен ол қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда – Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы.

«Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», – деп елінің баянды болашағын

Таяуда Ә.Бөкейхан атында вoleyболдан дәстүрлі XIII-ші облыстық турнир жалауын желбіретті. Мақсат әр жастың санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу, спорттың бұқаралылығын арттыру.

Жарысты құттықтау сөзімен ашқан ауданның спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Айдос Кішкентаев

Бәсекеге қатысушылардың арасында осалы жоқ. Аймақ спортышыларының басын қосқан байрақты бәсекеге Қарқаралы, Шет ауданы, Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтоғай ауданына қарасты ауылдық округтен жалпы 13 команда қатысты.

Таңертеңнен кешке озған спорт додасында жанкүйерлер ойынның қызығымен қоса, дарынды спортышылардың таланттарына төнті болды. Республикалық сайыстарда озық шыққан, тәжірибесі толыққан командалар, ала допты алақанда ойнатып, шыңдалған шеберліктерін шаршы алаңда танытты.

Турнир қорытындысы бойынша Қызылорда облысының «Ақсораң» командасы бірінші орынды қанжығыларына байлады. Ал, екінші орынды Қарқаралы ауданының сайыпқырандары иеленді. Үшінші орынға Шет ауданы спортышылары табан тіреді. Сондай-ақ, Еркен Дарын (Қарқаралы ауданы) турнирдің үздік шабуылшысы, Азамат Дүйсенбекұлы (Ақсораң командасы) үздік ойыншы, Данияр Қасен үздік ұйымдастырушы болып танылды. Жарыс жеңімпаздары мен үздіктері арнай тағайындалған сыйлықтармен марапатталды.

Д.БАҚЫШ,
Ақтоғай ауылы.

*Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы

Ауылда наубайхана ашылды

Республика күні қарсаңында Нұркен ауылдық округінің тұрғыны Қ.Рақатұлы шағын наубайхана ашты. Кәсіпкер өз қаражатына бірқатар қажетті құрылғыларды сатып алып, наубайхана ашуды көптен бері жоспарлап жүрген еді. Енді міне, бизнес жобасын жүзеге асырды. Наубайханалардың тәжірибесіне сүйеніп отырып, өндіріс орнын заманауи жабдықтармен қамтыған. Кәсіп иесінің айтуынша, наубайхананы толықтай іске қосуға аудан әкімінің шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі 1 млн. теңге гранты көмек болған. Қазіргі уақытта жаңа кәсіп нысаны елді мекен тұрғындарын күнделікті жаңа пісірілген нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр.

Жаңа нысанның ашылу рәсіміне қатысқан аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов



ауыл тұрғындарын республика күнімен құттықтап, жас кәсіпкерге жемісті еңбек тіледі.

–Шағын кәсіпкерлік субъектілері кез келген мемлекет экономикасының дамуында маңызды рөл атқарады. Дағдарыс атты дауылға төрт тағандап тең тұрып, сыр бермеген де дәл осы

кәсіпкерлікті қолдау екенін уақыт көрсетті. Сол себепті елімізде шағын бизнестің дамуына, кәсіпкерлік ортаның жетілуіне үлкен назар аударылып келеді. Осы ретте Ақтоғай ауданында

кәсіп ашып, елге қызмет жасап жатқандар қаншама. Алдағы уақытта ауылымызда кәсіпкерлердің қатары көбейе түсеріне сенім мол, – деді А.Аманжолов.

А.Совет,

Нұркен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

*Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Қуаныштық балалар қуанышқа кенелді. Республика күніне орай ауыл орталығынан түрлі әткеншектері, адам денсаулығына пайдалы спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған, ата-аналары демалып отыратын орындықтар қойылған ойын алаңы ашылды.

Балалар ойын алаңының ашылуы – ауыл үшін айтулы оқиға. Бүлдіршіндер бос уақытын спортпен шұғылдануға арнап, физикалық қабілеттерін дамытады. Бала

Бала – болашағымыз



– біздің болашағымыз. Сондықтан оларды көзден таса қылмай, үнемі қамқорлық жасап, дені сау, сергек болып жүрулеріне жағдай жасалуы керек.

Ойын алаңының ашылу салтанатына ауылдық округ әкімі Қайрат Әзіров қатысып, Қуаныш елді мекенінің тұрғындарын мерекемен құттықтады.

– Еліміздің келешегі – бүгінгі ойын балалары. Сондықтан да біз көп жағдайда олардың талап-тілегімен санасып, сұранысын қанағаттандыруға тиіспіз. Балалар ойнайтын, тіпті ересек адамдардың өзі демалатын алаңдарды көптеп салуымыз керек, – дейді ауыл басшысы.

Мұнан соң ойын алаңының лентасын еңбек ардагерлері, ауыл тұрғыны Серік ақсақал мен Мағила апа қиды. Салтанатты жиынға қатысқан ардагерлер, осы ойын алаңының салынуына ұйытқы болған ауыл әкімдігіне алғыстарын білдірді. Елді мекендеріміздің күннен-күнге көркейіп, ерекше кейіпке енгені бәрімізді қуантады. Шара барысында балаларға ауыл әкімшілігі атынан төттілер таратылды.

Думан ҚАБЫЛ,
Қараменде би ауылдық округі.

**Президент тапсырмасын орындай отырып...*

Тамыры терең, тарихы кенен – Кежек

Ауданымыздағы айшықты мекеннің бірі – Кежек ауылдық округі. Елді мекеннің тамыры терең, тарихы кенен. Ақтоғай-Қарағанды тас жолы бойындағы атырапты кең жайлап жатқан мекеннің бүгінгі ахуалы қандай? Несімен мақтана алады? Ел дамуына қосқан үлесі қаншалықты? Біз бүгін шағын мақаламызда Кежек ауылдық округінің даму жолына зер салып көрмекпіз.

көгалдандыруға 155 мың теңге, ауылдық округтің автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен қар шығару, сондай-ақ, су тасқынының алдын алу мақсатында арна аршу жұмыстарына 500 мың теңге қаралып, тиісті жұмыстар атқарылды. 795 мың теңгеге жеңіл автокөлік тіркемесін алуға қаралып, бүгінгі күнге тіркеме алынды. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау саласы бойынша

Ауылда тұрмыстық қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылық фактілері тіркелген жоқ. Ауылдық округте қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Еліміздегі маңызды тақырыптарға арналған билбордтар уақытылы орнатылады. Әлеуметтік желіге актуалды мәселелер, сонымен қатар ауылдық округте атқарылып жатқан жұмыстар үнемі жарияланып тұрады. Кежек ауылдық округінен 8 жеке

ауыл шаруашылығын дамытудан да айналып өтпеді. Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблемалардың бірі екенін атап көрсетіп, осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін еске салды. Ауыл басшысының ақпарына сүйенсек Кежек ауылдық округінің жалпы жер көлемі 84855 га. Мұның 7533 гектары ауылдық елді мекенге тиесілі болса, ауылшаруашылығы мақсатында жер 68938 гектар. Мұның

лендіру) бойынша жұмыстарын жүргізсе, 2 ЖШС-і және «Жігер» шаруа қожалығы асыл тұқымды ірі қара малдарын өсіруші шаруашылық ретінде жұмысын жандандырып келеді.

Ірі қара малдарының тұқымдық түрлендіруге 5 шаруа қожалығы қатысады. Биылғы ауылшаруашылық техникаларын жаңарту бойынша «Аль-Раян», «Куанышбек» шаруа қожалықтары трактор, шөп шапқыш және шөп баулағыш агрегаттарын алған.



Сонымен ажары артқан ауылдың жыл ішінде атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер турасында Кежек ауылдық округінің әкімі Мейірбек Мәкенбаевтың ақпарына кезек берсек.

– Ауыл кіндік байлар темірқазығымыз болғанда, оның өсіп-өркендеуіне әрбір саналы адам мүдделі болса керек. Бұл ретте кежектіктердің өңір экономикасы мен әлеуметтік дамуында ерекше орны бар. Президент алға қойған міндеттерін орындауда ауданда индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру, өндірісті индустрияландыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту шаралары жылдан-жылға дамып келеді. Ең бастысы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде округ экономикасы тұрақты дамып келеді.

2023 жылы ауылдық округ әкімі аппаратының жылдық бюджеті, бүгінгі күнге 53 млн. 820 мың теңге. Оның ішінде салықтық түсімдер – 7 млн. 383 мың теңге құрады. Ауылдық округі әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету бойынша 34 млн. 693 мың теңгесі қаралған. Елді мекенді көркейту жұмыстарына жалпы 18 160 мың теңге қаралған болатын, оның ішінде Бейбітшілік көшесі бойына балалар ойын алаңын салуға 11 576 теңге бөлінген. Сарыарқа көшесі бойына 20 дана түнгі шамдар орнатуға 4 млн. 89 мың теңге қаралған, бүгінгі күнге орнатылып, іске қосылды. Көше шамдарының шығынын төлеуге 1144 теңге қаралған. Елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге 996 мың теңге, ауылды абаттандыру мен



тұлға салық басқармасында жеке кәсіпкер болып тіркелген, оның ішінде 2 дүңгіршек, 1 наубайхана, 1 шаштараз, 4 кәсіпкер мал өсірумен айналысады. 2 дүңгіршегі бар кәсіпкерлермен азық-түлік бағасын 10 %-дан артық қымбаттатпау жөнінде 3 жақты келісім шартқа қол қойылып, апта сайын бағаға мониторинг жүргізілуде. «Жамбыл облысындағы округ тұрғындарының табысын арттыру пилоттық» жобасы негізінде 1 ауыл шаруашылығы кооперативі және 1 жеке кәсіпкерлік құрылып, мал шаруашылығын дамыту бағыты бойынша 2,5 пайыздық несие алуға құжаттарын жинап өткізді, – дейді М.Мәкенбаев.

Президент Жолдауында әдеттегідей

ішінде жайылымдық жер 60629 га, шабындық жер 1810 га, егістік 658 га.

Ауылдық округ бойынша 36 шаруа қожалығы және 2 ЖШС «Global Beef Productst», «Qazaq Meat» бар. Жұмыс жасап тұрған шаруашылықтар саны – 32, оның ішінде 4 шаруа қожалығы – Шет ауданында, 1–Жидебай ауылдық округінде тіркелген. 2022 жылы жаңадан 2 шаруа қожалық құрылған. 2023 жылдың 1 шілдесіне ауылдық округ бойынша ірі қара 3159 (аналығы-1438) бас, қой-ешкі 6163, жылқы 1507 басты, құс 1804, марал 94 басты құрап отыр.

Ауылдық округ бойынша 3 шаруа қожалығы ірі қара малдарын асылдандыру бағыты (тұқымдық түр-

2023 жылғы егіс көлемі 480 гектар. Оның 150 гектары бидай, 270 гектарына арпа, сұлы 60 гектарға егілген. Жаз айларында жауын жаумай, құрғақшылық болуы салдарынан «Кежек» шаруа қожалығы ғана гектарына 4 центнерден өнім жинап алды.

Мал азығын дайындау бойынша кежектіктер дала шөбінен қажетті мал азығын дайындап алған. Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін, тұрғын халықтың мал жаюы мен шөп шабуы үшін округ аумағынан 4 жыл 11 айға уақытша өтесіз пайдалану құқығымен 1155 га жер рәсімделген. Мал бастарын бірдейлендіру 100 пайызға орындалған.

– Бүгінгі күні ауыл тұрғындарына, мекемелерге электр жарығы үздіксіз берілуде. Электр жарығы себепсіз сөнбейді. Мекемелердің және ауыл тұрғындарының пайдаланылған тоқ жөнінде берешектері жоқ.

Биылғы жылы мекемелерде жылу беру маусымы қалыпты жағдайда өтті. Өткен күз мезгілінде 3 жылу беру орындарына, ауылдық округ әкімшілік үйіне 25 тонна, мектепке 167 тонна, клуб үйіне 29 тонна көмір түсірілген. Шет ауданының кәсіпкерлерімен келісіп ауыл тұрғындарын сапалы «Шұбаркөл» көмірімен қамтамасыз етілді.

Телефон байланысы тұрақты жұмыс жасап тұр. АТС-те бүгінгі күні ауыл тұрғындары, мекемелер бойынша 56-нүкте (48 жеке үйлер, 7 мекемелер) тіркелген. «Билайн» мобильді

(Жалғасы 5-бетте).

** Халық үніне құлақ асатын үкімет*

Өңірдегі елді мекендердің экономикалық дамуы мен тұрғындар әлеуетінің арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың жайын білу мақсатында ауданға қарасты Абай ауылдық округінде болып, оның тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.

Ауыл – қашан да қазақтың алтын бөсігі, ұлттың тозбас темірқазығы. Егер ауыл ахуалы жақсарып, әлеуметтік жайы тұрғындар үшін қолайлы болса, демек жақсылықтың нышаны, берекенің бастауы дегуе әбден болады. Абай ауылына кіргенімізде инфрақұрылым, оның ішінде кіреберіс үлкен көшеге жөндеу жүргізілгенін

жұмыстары жасалды. 10 айдың қорытындысы бойынша бюджет қаражаты толығымен сапалы игеріліп отыр.

2023 жылы салықтан түсетін түсімдер жоспары 530 мың теңге болса, орындалысы 568,3 мың теңгені құрап, жоспар 107,2% орындалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында ауыл шаруашылығын дамытуға айрықша мән беріп келеді. Өңіріміздің аграрлы аймақ екенін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстар өңір үшін аса маңызды екені сөзсіз. Негізінде, ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге

жалықтар жоспарлаған – 17296 тонна шөп толығымен дайындалып, тасу жұмыстары жүргізілуде. Елді мекен жерінен шаруа қожалықтар шөп шапқаны үшін 15 жеке аулаға 500 рулон шөп тегін түсіріліп берілді. Қуаншылық салдарын жеңіл өткеру мақсатында ауыл тұрғындарына шөп бағасын 40-45% жеңілдікпен сату жөнінде ауылдық әкімдік, жергілікті қоғамдастық, шаруа қожалығының жетекшілері болып үш жақты келісімге келдік. Зейнеткерлерге “Айнабұлақ”, “Абы-лай”, “Акерке” шаруа қожалықтары 20 рулон шөпті тегін түсіріп беретін болады. (1 түк 800 тг, 1 көлік шөп 50 000 тг, 1 рулон

дамытып, жұмыс орындарын ашу, жергілікті салық базасын ұлғайту және қоғамдық саяси тұрақтылықты сақтау. Өңірде кәсіпкерлік саласын дамытуда бірқатар шаралар атқарылуда. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар да бар. Орта және шағын бизнестің дамуына қолдау ретінде түрлі бағдарламалар іске қосылды. Кәсіпкерлік саласын өркендету ауыл үшін ең бірінші кезекте тұрған мәселе. Ауылдық округ бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында 8 жеке кәсіпкер тіркелген, оның ішінде: 3 дүкен, 1 мал сою пункті, 4 мал өсіру бағытында. Кәсіпкерлермен азық-түлік бағасын

Ажары айшықты Абай

көрдік. «Ауылына қарап, азаматын таны» демей ме? Әсіресе, жастары жанып тұрған ауылдың ертені зор ғой, шіркін. Міне, сол жастары бас болып, «Ауылымыз жарқырап тұрсын» деген

қабілетті экономика құру мүмкін емес. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылған жұмыстарды тілге тиек етсек, округтің жалпы жер көлемі 265700 гектарды құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі – 263100 гектар. Оның ішінде жайылымдары – 250700 гектар, шабындық жерлері – 8100 гектар.

Жеке ауланың малдарын жайылымдармен қамтамасыз етуге белгіленген норматив бойынша қажетті жер 21767 га, қамтылуы 100 %. 2023 жылғы 1 шілдедегі санақ қорытындысы бойынша ірі қара – 4493 (аналығы -2302), қой-ешкі 7252, жылқы – 2074 (аналығы -1181), құс – 720

12 000 тг (ауыл тұрғындары үшін)

Ауылымызда «АЛШ АГРО» ауыл шаруашылығы кооперативінің мал сою пункті толықтай жұмыс жасап №2 формадағы ветеринариялық анықтамамен тікелей сауда орнына жіберіп, ауыл тұрғындарының игілігіне пайдаланылуда.

Ветеринариялық қауіпсіздік – бұл бүтіндей адам денсаулығының қауіпсіздігі. Ветеринариялық қызметтің басты міндеті – жұқпалы аурулардың дамуын болдырмау, ауылшаруашылық жануарларын және аудан аумағын ерекше қауіпті аурулардан қорғау. Ауылдық округ бойынша 2023 жылдың 9 айлығына арналған диагностикалық ветеринариялық іс-шаралар жоспары 94%-ға орындалып отыр, 10 айлықтың жоспары толығымен орындалатын болады.

Мал басын нақтылау мақсатында жыл сайын ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізіліп, АШЖБ веб-портал дерекқорына

5-%-дан артық қымбаттап пау жөнінде 3 жақты келісім шартқа қол қойылып, бағаға мониторинг жүргізілуде. Азық-түлік дүкендерінде әлеуметтік бұрыштар халыққа қызмет жасап тұр. 2023 жылы ашу жоспарлаған шаштараз ауыл тұрғынының қаржылық және отбасылық жағдайына байланысты ашылмай қалды, – дейді ауыл әкімі.

Шынында, ауылда шағын кәсіпкерлікті дамыту жолға қойылыпты. Олардың саны жыл санап артып келеді. Ауыл тіршілігі төрт түлікпен тікелей байланысты болғандықтан мұнда мемлекеттің берген мүмкіндігін пайдаланып, мал басын арттыруға ынта қойғандардың қарасы қалын. Байқағанымыздай, ауыл тұрмысы жақсы екенін аңғардық.

Ауыл басшысының айтуынша үстіміздегі жылы аудандық бюджеттен 6 млн. теңге бөлініп ауылға көшіп келетін көпбалалы отбасыларды қоныстандыру мақсатында 2 тұрғын үй сатып алынған. Сондай-ақ, ауыл



ниетте көзтартар қақпаны қатырып қойыпты. Одан бөлек жүргізіліп жатқан жұмыс та аз емес екен. Ауыл әкімі Қайыржан Тұрғанбеков қарсы алып, елді мекендегі экономиканы нығайту, тұрғындардың әлеуетін арттыруға арналған жұмыс-жоспарларын тізбектеп берді.

Ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне тоқталған Қайыржан Бауыржанұлы өз сөзінде бүгінгі таңда округтің халық саны 215 адам тұратынын айта келе, негізгі орта мектеп, дәрігерлік пункт, клуб үйі мен пошта, кітапхана ауыл тұрғындарына қызмет көрсететінін жеткізді.

Сонымен қатар, ол:–Абай ауылдық округі бойынша 2023 жылдың 9 айындағы атқарылған жұмыстарға тоқталсам. Бюджет қаражаты сапалы игерілуде. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 214 шешіміне сәйкес Абай ауылдық округінің бюджеті 46 млн. 976 мың теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда түзетілген, бекітілген бюджет 54 млн. 459,0 мың теңге. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 3950,0 мың теңгеге Абай ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратының қоршауын жанарту жұмыстары жасалды. Аудандық бюджет есебінен 1998,0 мың теңгеге Абай ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратының шатырын, 4080,0 мың теңгеге осы ғимараттың жылу жүйесіне жөндеу



басқа жетті. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда ірі қара, жылқы малының саны артса, ұсақ мүйізді мал – 582 басқа азайып отыр.

Жұмыс жасап тұрған 23 шаруа қожалықтарының 7-і тұқымдық түрлендіруге қатысып, 8 млн. 550 мың теңге субсидия алды. Қазақстан Республикасының «Ұлттық жобасы» аясында жаңа жұмыс орындарын құру жоспар бойынша 12 орын берілсе, бүгінгі таңда 11 жаңа жұмыс орыны ашылып орындалысы 91% болып отыр.

Елді мекен тұрғындары, шаруа қо-

енгізілді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруде ірі қара малының жоспары 1767 бас 100%-ға, ұсақ мүйізді мал жоспары 3745 бас 100%-ға, жылқы малы бойынша жоспар 700 бас белгіленсе, 801 бас базаға енгізіліп, 115%-ға орындалды.

Ветеринарлық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі десек, ауылдық округі бойынша эпизоотиялық ахуал тұрақты.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жергілікті әкімдіктерге қойылып отырған бірінші талап – кәсіпкерлікті

тұрғындарын тұрақты сумен қамтамасыз ету мақсатында «Ақтоғай Су» ЖШС-мен ауылдың су беру мұнарасының су насосына резервтік дизельдік генератор беріліпті. Мұнда тазалық айлығын ұйымдастыру, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары уақытылы қадағаланып, жүргізіліп отыр. Ауыл тұрғындары қыстан шыққан күл-қоқыстан өз күштерімен шығарса, көктемгі және күзгі таза-лық айлықтарын өткізу барысында 750 тоннадан аса қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылыпты. Тазалық айлығында 3 трактор тіркемесімен, 2–КАМАЗ, 1–МАЗ автокөлігі жұмыс жасаған. Елді мекеннің көрікті жерлеріне 22 түп қарағай ағашы отырғызылған.

–Мектеп – барлық рухани өркениеттің ошағы. Білім ұясы – жан-жақты дамуға жағдайлар туғызатын, тұлғаның өз бетімен білімін жетілдіруіне жағдай жасайтын, таңдау мүмкіндіктерін туғызатын, еркін және шығармашылық тұрғыда қызмет жасауға мүмкіндік жасайтын білім ордасы болуы тиіс. Мектептің басты міндеті – **(Жалғасы 5-бетте).**

(Соңы. Басы 4-бетте).

ең алдымен, саналы да ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеп шығу. Осы орайда ынтымағы жарасқан, нәтижеге бағытталған білім беру ісінде табысты жұмыс жасап келе жатқан Абай негізгі орта мектебінің тарихы тереңде. Бүгінгі күні мектепте 41 оқушы білім алуда. Мектеп жанындағы интернатта

ұдайы жұмыстар жүргізіліп келеді. Сала мамандарының тындырымды жұмыстарының арқасында көптеген жастарымыз аудандық, облыстық өнер байқауларында жасындай жарқырып, абырой биігінен көрінуде. Спортшыларымыз да түрлі жарыстарда биік белестерді бағындырып, ауыл тұрғындарын қуантуда. Ауылдық

толық өткізілді. Бұл шараларға ауыл тұрғындары, мекеме ұжымдары, шаруа қожалық мүшелері, кәсіпкерлер, ауыл жастары толық қатыстырылды. Елдің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды күшке ие «Аманат» партиясының аудандық филиалының Абай бастауыш партия ұйымының қатарында 47 мүшесі бар.

Облыстық «Qaiyymdy ugraq» «Едіге» шаруа қожалық жетекшісі Садықов Жасулан, «Алаш –Агро» кооперативінің төрағасы Майлыбаев Ердос әлеуметтік көмекті қажет ететін мектеп оқушыларына спорттық киім алып берді.

Қоғамдық институттар өкілдерімен, яғни, жергілікті қоғамдастық мүшелерімен 4 рет, ардагерлер кеңесімен 2 рет, аналар кеңесімен 2 рет кездесулер өткізіліп, ауыл тұрғындарын мазалаған өзекті мәселелер талқыланды.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша да жұмыстар жоспарға сай жүргізілді. Клуб үйінде, мектепте, кітапханада жастар арасында пат-

болдырмау мақсатында «Дін және жастар», «Жастар діни экстремизмге қарсы», «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыптарында 4 семинар, дөңгелек столдар, кездесулер өткізілді. Ауылдық округ бойынша теріс діни ағымның ықпалында жүрген жастар жоқ. Орталықтандырылған кітапханада 7736 кітап қоры бар. Биылғы жылға жанадан 8 газет, 10 журнал оқырман назарына ұсынылды, – дейді Қ.Тұрғанбеков.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша ат салысу – шынайы патриотизмнің белгісі. Елім, жерім деп мақтану бір бөлек, кіндік қаның тамған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыру аса маңызды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы ұлттық идеяны жаңғыртып, қасиетті мекенді қастерлеу тұрғысында абайлықтардың өз айтары бар. «Туған жер» бағдарламасы аясында биыл мектеп бітіргендеріне 30 жыл толған түлектердің бастамасымен барлық ауылдан шыққан азаматтарды тарта отырып, демешілік есебінен «Ауыл күні» мерекесін аталып өтіп, ауыл тұрғындарының қажеттілігіне пайдалану мақсатында 1 млн. теңгеге киіз үй сыйға тартылған. «Туған жер» бағдарламасы аясында бастау алған шағын саябаққа қарағай ағаштары отырғызылыпты.

Иә, қорыта айтқанда берекесі артқан Абай ауылының мақсаты айқын. Жұмысы жүйелі. Халықтың әл-ауқаты жылдан жылға артып келеді. Онысын ауылды аралап жүріп, кемел келешекке қол созған ауылдағы ағайынның тындырымды тіршілігіне қарап бағамдадық. Қысқасы, біз көрген Абай ауылының бүгінгі кейпі осындай.

Думан ҚАБЫЛ,
Абай ауылы.



16 бала, 5 бала даярлық сыныбында, 7 бала шағын орталықта тәрбиеленіп оқып жатыр.

Жоғарғы санатта – 10, бірінші санатта – 5, екінші санатта – 2, барлығы – 17 мұғалім еңбек етуде.

2023 жылы мектептегі бала санының азаюы мәселесін шешу мақсатында 2 отбасы көшіріліп әкелініп, жұмысқа орналастырылды.

Абай негізгі білім беретін мектебіне 21 млн. теңгеге жаңа жылу қазандығы салынып, 5 млн 558 мың теңгеге жылу беру жүйесі толығымен жанартылды.

Ал, мәдениет саласына тоқталсақ, ауылдың мәдени орталығында тұрғындарға арнап түрлі мерекелік, мәдени іс-шаралар өткізіліп келеді. Ауылдық клуб үйінде жас өскінді өнердің түр-түріне баулу мақсатында



округте қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. 2023 жылға бекітілген маңызды деп белгіленген мерекелік күндерге орайластырылған іс-шаралар

риотизмді нығайтуға, ұлттық тәлім-тәрбие беру, бойларында дәстүрлі дінді ұстануды қалыптастыруға бағытталған, діни экстремизмді

(Соңы. Басы 3-бетте).

байланысы бар. Сондай-ақ, іргелес Кеншоқы ауылына келіп тұрған талшықты оптикалық интернетті пайдаланудамыз. Әр үйге «Wi-Fi» аппараттары орнатылған.

2023 жылы наурыз, сәуір айларында әлеуметтік нысандар алдындағы қарлар күреліп тұрды, жол бойындағы қарлар ауыл сыртына тасып шығарылды. Қар еру кезеңіне қарсы су ағар арналарды қардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды, бөгет боларлық қарлар сыртқа тасылды. Ауыл халқы қыстайғы күресіндерін толық арнайы қоқыс төгетін орынға тасып, төкті.

Ауыл тұрғындары, мекемелер көктем, күз мезгіліндегі тазалық айлықтарында сенбіліктер мен бейсенбіліктер тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Ауылдық округте 1 елді мекен, 8 қыстақ бар. Барлығы – 71 отбасы бар. Ауылдық округтің халық саны – 291 адам, оның ішінде экономикалық белсенді халық – 160 адам, тұрақты жұмыспен қамтылғандар адам – 74, зейнеткерлер – 21, «Алтын алқа» иегерлері – 6 ана, «Күміс алқалы» аналар – 2, мүгедек жандар – 7 адам, мүгедек жандар ішінде тірек қимылы қиын адамдар жоқ.

Арнайы заңға сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын отбасыларға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және «Е-Халық» базалық жүйесіне әлеуметтік жәрдемақы алушылардың мәліметі жүйелі түрде енгізіп отыру жұмыстары жолға қойылған. Өткен жылы

ауылдық округ бойынша АӘК алғандар болған жоқ.

Бүгінгі күні 5 адам жұмыссыздар ретінде тіркеуде, оның ішінде 2 адам қоғамдық жұмыспен қамтылды. 1 адам жастар практикасы бағдарламасы бойынша тәлімгерліктен өтті.

Жаңа жұмыс орындарын құру жоспары бойынша



«Qazaq meat» ЖШС-нен 1 және «Ынтымақ», «Саяхат» шаруа қожалығынан – 2 жаңа жұмыс орындары құрылды.

Әкімшілік ғимаратында «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы толыққанды жұмыс жасап тұр. Тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарға сәйкес көрсетілуде, – дейді ауыл әкімі.

Ауыл әкімінің айтуынша Ақши негізгі орта мектебінде бүгінгі күні 41 оқушы білім алуда. Мектеп алды даярлықта – 7 бала. Жалпы мұғалімдер саны – 19. Ауылдық округ бойынша медицина маманы

болмағандықтан тұрғындарының денсаулығын Сәуле ауылындағы дәрігерлік-амбулатория дәрігерлері қадағалап отырады. 2024 жылғы ауылда фельдшерлік пункт салынады деп, жоспарлануда. Аудандық орталық ауруханадан жоспарға сай жылжымалы дәріхана ауылға келіп тұрады.

Ауылдық округтегі кітапхана қоры – 4772 кітап құрайды. Оқырман саны 269. Мерзімді басылымдар бойынша – 9 газет, 14 журнал оқырмандар назарына ұсынылған. Кітапханада белгіленген жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп, өлкетану бағытында жұмыстар жүргізіледі. Материалдық базасы компьютермен, кітап сөрелері, көрмелік сөрелер, стол, орындықтармен жабдықталған.

Спорттық шаралар жоспар бойынша өткізіледі. Ауыл жастарының, балалардың спортқа деген ынтымағы жоғары. Облыстық және аудандық дәрежеде өткізілген ұлттық ат спорты жарыстарына көкпаршылар командасы тұрақты қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

PS: Мемлекетіміздің «Ауыл – алтын бесік» және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ауыл өміріне серпіліс пен нақты жақсылықтар әкелуде. Ауылының ажарын ашып, кәсіпкерліктің кеңінен қанат жаюына ықпал етіп, егіс алқабында ерінбей еңбек етіп, қажетті өнімін жинап алып жатқан кезектіктердің өзгеше алақан жаяр реті жоқ. Өздеріне қажетті дүниенің барлығын өздері өндіріп, халықты тұрақты жұмыспен қамтып, ел экономикасының дамуына тиісті дәрежеде ықпал етіп келеді. Терең тамыр тартқан, еңбекпен көркейген Кежестің көкжиегі әрдайым онегелі істерімен одан әрі өркендей беретіні анық.

Думан Аманкелдіұлы,
Кежек ауылдық округі.

Ұрпағы ұлықтаған ұлы тұлға

Елеусіз, ескерусіз қалғандай-ақ мұнартып, құлазыған, қойнауында "Спаск жаттығу полигоны" орналасқан, бағзы заманнан "Байдәулет тауы" аталып келген таулы алқапқа ұрпақтары белгі орнатып, ұлы бабамыздың атымен аталған тау мен мұндалап жарқырап шыға келді. Қазан айының соңғы жұлдызды

күндерінің бірінде Байдәулет баба ұрпақтары қолға алған мағынасы зор міндетті орындап, нүктесін қойды. Бұл күн Байдәулет бабамыздың тарихында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастығын табатын, оның рухын асқақтатқан қасиетті күн болып қала бермек.

Заманында халқына кеменгер-ойшыл,қайырымды да ақыл-парасаттың кеніші ретінде танылған,шексіз байлығы аңызға айналған Байдәулет бабамызды халқы құрметтеп, атын асқақтатып сан ғасыр өтсе де ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халқының мақтанышына айналған бабамыздың құрметіне "жер ұйықтай" құтты мекені болған, ұрпағы өсіп-өніп мәуелі бәйтеректей тамыры тереңге бойлаған таулы алқапты "Байдәулет тауы"– деп атап тарихта қалдырған.

Қойлыбай Асанұлының "Аңызқас соңы ақ жауын" кітабында «Байдәулет баба осы "Байдәулет" тауының маңында қыс айында қайтыс болыпты. Балалары өкесінің мәйітін арнайы былғары тұлпыққа орап, денесін қыс бойы сақтап, жазғытұрым Түркістан қаласына апарып жерлеген. Өз ұрпағы, ағайын-туыс,қалың елі Байдәулет бабаны үлкен құрметпен бақилық сапарға шығарып салады. Бір ғажабы баба мәйітін Түркістанға апару сапарында ұрпақтары ешқандай қиыншылық көрмейді. Түркістан қаласында Байдәулет баба құрметіне үлкен ас беріледі. Осы жерде бабаның Түркістанға жерленуінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды екендігін айта кетуді абзал көріп отырмыз. Ахмет Ясауи кесенесі – орта ғасырлық сәулет өнері ескерткіші. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған. Бұл кесененің басына кез келген адамды жерлей бермеген. Қасиетті жерге тек халқына, еліне еңбегі сіңген сол заманның ең ұлы тұлғалары, кеменгер билері мен абыздары, хан-сұлтандары мен батыр-бағландары ғана жерленгенін ескерсек, Байдәулет бабамыздың да данқы осы қошеметке лайық болғандығын аңғарамыз. Бұл, әрине, бүгінгі өскелең ұрпақ үшін зор мәртебе, абырой екендігі сөзсіз. Түркістан қаласында берілген Байдәулет баба асында апарған сансыз жылқы мен басқа да малдан бөлек қырық жорға сойдырылады. Асқа апарған жорғаларды санағанда отыз тоғыз су төгілмес жорға болыпты.

Әрине, қазақ үшін дөңгелек сандар қашанда айта жүруге абырой. Қырық деген киелі сан. Сонда Байдәулет бабамыздың кенже баласы Төле астындағы су жорға атынан секіріп түсіп, ер тоқымын аттың үстінен жұлып алып, «асқа сойылатын отыз тоғыз жорға қырық болсын», – деп өзінің су жорғасын қосып жіберген



екең. Сол сапардағы осы әрекетінен кейін халқы Төлени "Төле мырза" деп атап кетіпті. Әурақ алқап, кие қонған Төле мырзаның ұрпақтары жаман болған жоқ. Өсіп-өніп өркен жайды, халыққа танымал талай текті азаматтар шықты. Бабамыздың қара шаңырағы Ақтоғайда тұратын Төле мырза ұрпағы Сыздықов Сәкітай ағамыздың үйі болып саналады.» Түркістандағы Байдәулет баба асының данқы Арқаға, қала берді байтақ қазақ сахарасында кеңінен тарайды. Ол замандардағы белгілі тұлғалардың асы үлкен дайындықпен өткізілген.Тіккен үй, сойыс малын былай қойғанда, асқа беделді адамдар, ақын-жыршы, палуандар, сәйгүлігін жаратқан атақты атбегілер, тіпті мешкей мен ел ішіндегі дуана, сайқымазақтарға дейін астан қалмайтын болған. Мұндай аста әрине жауырыншы, көріпкелдердің де жүруі заңдылық. Сондай бір сәтте үлкен тайқазанға асылып жатқан етке қарап тұрған қазаншы Байдәулет баба ұрпақтарының болашағы жайлы былай депті деген аңыз сонары сол астан жеткен әңгіме. Тайқазанға асылып жатқан ет қатты қайнағанда ернеуден асып-тасып кетпей, бірде азайып, бірде көбейіп тұрса керек. Сонда әлгі қазаншы Төле мырзаға қарап "Байдәулет бабаның ұрпағы әлді, қуатты болады екен, бірақ өзінен асқан бай болмайды. Ұрпағы бірде азайып, бірде көбейіп отырады",– деген екен. Дидарғайып дәуірлерде актылы қой,

алалы жылқысы жайылған, ақ шаңқан ақ боз үйлері сайын сахараға сән берген Байдәулет баба жайлауы дәл осы маңда орын тепкен. Шаңырағын шаттық, босағасына бақ дарыған, керегесі кендікке, уығы ұлылыққа көтерілген, белдеуінде күдігі, төскейінде түлігі маңыраған, сөзі асықтың алшысындай, ойы сахараның даласындай кең, дегдар бабамыз жайлы "Байдәулеттей болғың келсе, "Байдәулет" тауын үш айнал" деген сөз қалыпты.

(226-229 беттер аралығы. Астана 2014 жыл).XXI-ғасырда өмір сүру пешенемізге жазылған біз де бабамыздың құрметіне, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастығын табатын "Байдәулет тауы" аталған тарихи жер, ата мекенімізге бірі білсе, енді бірі біле бермейтін халық, сонымыздан ерген жас ұрпақ біле жүрсін деп "Белгі тас" қою жұмыстарын қолға алған едік, енді міне мәресіне жетіп, толық аяқталды.

"Түнғиықтың түбіндей, Сан ғасырды артқа сап. Баба есімі жаңғырды ,



Саф алтындай жарқырап"–дей келіп, Тоқсаннан туған екен Жиенкелді, Одан туған Қожағұл, Құдайберлі. Өмірге "егіз келген" қос Ұланы, Тоқсаннан бата алған "киелі" – еді. Қожағұл түрікпеннің түбін алса, Алыскан арыстанмен Құдайберлі. Ұрпағы қос тарланның өсіп-өніп, Мәңгілік шежіре боп қала берді. Қожағұл атамыздан Бесімбай, Тілеулі атты екі ұл өмірге келіп, ұрпағын жалғастырған, ал Құдайберлі бабамыздан Алланың қалауымен Байдәулеттей асыл тұлға дүниеге жалғыз келген.

Атадан жалғыз туған Байдәулетке, Құдайым өзі қолдап алты ұл берді. Жалғыздық тауқыметін тартқан Баба, Мәуелі бәйтеректей өсіп-өнді. "Үлгісін көрсеткендей тектіліктің, Тең түсіп Ұлылармен қатар жатқан",– деп бүгінгі ұрпағы мақтан тұтады. Мұнартып, құлазиды, "Құба

жондар", Қазасы батқандай-ақ қайран баба. "Кіші Мекке", киелі Түркістанды Мәңгілік мекен еткен, неткен-дана. Бас иіп,тағзым етем рухына, Ұрпағың мақтан тұтқан "Тұлға дара". "Жер бесік" мәңгіліктің мекенінде, Жәннәттің төрінде бол "Ұлы баба". Сан ғасыр, өтсе дағы жылжып жылдар, Тарихта аты қалған мақтан тұтар. "Ұлы дала" Ұлынан қалған мұра, "Байдәулет тауы" аталған құба жондар.

Естелік болып жеткен ұрпағына, "Қожағұл", "Машан", "Мертеш" бұлағы да.

Тас жарған, көусар суы шөл қандырар, Сол таудың ағып жатқан баурайында.

Өшпейтін із қалдырған ерлігімен, Үргеніш, Аю, Ердене байтақ дала. Тәуелсіздік құрбаны болған еді, Талпақтың АХМЕТЖАНЫ бекзат-дана.

Аңыз емес шындықтан бастау алған, "Талпақ қажының АХМЕТЖАНЫ"-

тарих-дастан. Көнені бүгінгідей жарқыратып, Ұрпағын өткенімен табыстырғандай келіп, "Қаракесек Сарым" шежіресінің жалғасындай болған "Талпақ қажының АХМЕТЖАНЫ" атты Байдәулет бабамыз бен, оның ұрпақтарының басынан кешкен тауқыметтері мен өмірінен мағлұмат беретін, тарихи деректер мен мұрағат құжаттарына негізделіп, ақиқатты айғақтайтын, келер ұрпаққа үлгі боларлықтай бұл туынды 2015 жылы баспадан шықты. Зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мағлұмат жинақтаушылар

филология ғылымдарының докторлары, профессорлар М.Әбдуов пен Қ.Асанов. Айтайын дегенім, бабамыздың ұрпақтары өсіп-өніп өркен жайды, халыққа танымал талай текті азаматтар шықты. Солардың бірі Тәуелсіздік құрбаны болып, жазықсыз атылған Ахметжан атамыз болса, ерлігімен ел есінде мәңгі қалып, мақтанышымызға айналған жерлесіміз Ақтоғайдың киелі топырағында дүниеге келген Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Нүркен Әбдіров емес пе? "Тектіден-текті туады",– деп тегін айтылмаса керек. Бұл туынды бабамыздың Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде ұлы тұлғалармен тең түсіп, қатар жатқанын, терезесінің тең болғанын айғақтайтын баға жетпес құнды дүние.

Байдәулет бабамыздың Төле мырза ұрпағы Сыздықов Сәкітай Шәшімбекұлы.

**Қазақстан –2050: агроөнеркәсіптік кешен*

Жануарлардың ауруы, өлімі тіркелген жағдайда мал иелерінің әрекет ету жадынамасы

- ШҮҒЫЛ ТҮРДЕ жергілікті ветеринар дәрігеріне хабарлау;
- Ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін ауырған жануарларды окшаулап ұстау.
- Жануарлар ауырған жағдайда ауру белгілеріне назар аударып, мүмкіндік болса шұғыл түрде фото және бейне жазбаларды ветеринар дәрігеріне жіберіп хабарлау.
- Ауырып тұрған жануарды ветеринар дәрігерінің байқауынсыз жайылымға жіберуге, басқа жануарлармен бірге ұстауға немесе сойып алып, етін пайдалануға болмайды.
- Жануарлар, үй құстары өлген жағдайда өлекселерін ашық қоқыстар мен ағын суларға (бұлақтарға, өзендерге, көлдерге) тастауға болмайды (аса қауіпті жұқпалы ауру болса адамдар мен жануарларға таралуы мүмкін);
- Ауырып тұрған малдарды союға, сатуға және сойып тағамға пайдалануға болмайды
- Ауырып тұрған малдың сілекейі, зәрі, нәжісі тиген азықты, суды сау малдарға беруге болмайды.
- Ауру жануарға қолданылған құрал-жабдықтарды, жүген-нокталарды, қарғыбауларды, күрек-айырларды, жем-су беретін ыдыстарды сау малға, ит пен мысыққа және басқа қора-жайға залалсыздандырмай пайдалануға болмайды.
- Ауру жануардан бөлінген сілекейді, нәжісті, зәрді, қанды, ірінді, түсікті және осылармен былғанған төсенішті, жем-шөпті өртеу жолымен жою.
- Ауру жануардың жанында болған адамдар, техника (автокөлік, трактор, мотоцикл т.б.) көршілес немесе басқа аумақтағы мал ұстайтын шаруашылықтарға, жеке аулаларға және сау

- жануарлардың жанына баруға болмайды.
- Ветеринария саласындағы мамандар ауру немесе ауырып өлген жануарды көріп-байқауынан кейін берген нұсқаулықтарын бұлжытпай орындау.
- Ескертеміз:** Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабымен белгіленген «Жеке және заңды тұлғалар жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттерін» орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406 бабы бойынша жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексінің 327 бабы бойынша «Ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу» тіркелген жағдайда үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
- ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы.**

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенті әкімінің 2023 жылғы 13 қазандағы №3 шешімі

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентіндегі көшені қайта атау туралы


Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Сарышаған кенті халқының пікірін ескере отырып және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2023 жылғы 19 шілдедегі қорытындысының негізінде шештім:

1. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентіндегі Мектеп көшесі Таныбай батыр көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарышаған кентінің әкімі А.Тоимбеков.

Еске алу

Асқар таудай әкеміз, руы – Тобықты-Құттыбай **Игебеков Даулетбек Шайкенұлы** көзі тірі болса, 4 қараша 73 жасқа толар еді... Сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 1 жыл толып отыр. Әкемізді сағына еске ала отырып, топырағын торқа, жанның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.



Әке сізді сағындық сездіңіз бе,
Жан жетпейді ғаламда өзіңізге.
Қапыда айырылып өзіңізден,
Білмедік бұл өңіміз, түсіміз бе.
Құранды бағыштапта жатыр имам,
Бақ берсін деп Алладан бізге қалған.
Бар туған қолын жайып отыр бүгін,
Еске алып өзіңізді сағынғанан.

Еске алушы: жұбайы – Қанағат, балалары: Нүргелді-Индира, Асқар-Гулмира, Данияр-Мейргүл, Айтгүл, жиен немерелері – Аяна, Исатай, Аяла және барша туыстары.

Марқұм әкеміздің 1 жылдық дәм-дұғасы «Ай-Фар» мейрамханасында қараша айының 11-і күні сағат 13.00-де беріледі. Әкемізбен бірге жүрген жора-жолдастарды, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, қызметте бірге еңбек еткен әріптестерін, барша танытын жамағатты құран бағыштауға шақырамыз.


Памятка о действиях владельцев скота в случае заболеваний и падежа животных

- Срочно сообщить местному ветеринарному врачу.
- Содержание больных животных в изоляции до прибытия специалистов в области ветеринарии, государственных ветеринарно-санитарных инспекторов.
- При заболевании животных обращать внимание на признаки заболевания и при возможности незамедлительно отправлять фото и видеозаписи ветеринарному врачу.
- Больное животное не может быть отправлено на пастбище, содержаться вместе с другими животными. Забой и использовано мясо без наблюдения ветеринарного врача.
- В случае гибели животных, домашней птицы трупы не следует сбрасывать в открытые свалки и стоки (родники, реки, озера) (при наличии особо опасного инфекционного заболевания могут распространяться на людей и животных).
- Больное животное не могут проданы и забиты в убой и использованы к пище.
- Пищу, воду, к которой прикасались слюна, моча, кал больных животных, не следует давать здоровым животным.
- Не допускается использование использованного для больного животного оборудования, поводков, поводков, лопат-вилочек, кормушек для здорового скота, собак и кошек и других помещений без обеззараживания.
- Выделенной слюны, кала, мочи, крови, гноя, аборта и загрязненного постеля, корма с больного животного уничтожается путем сжигания.
- Лица, находящиеся рядом с больным животным, техника (автомобиль, трактор, мотоцикл и т.д.) не должны посещать животноводческие хозяйства, частные дворы и рядом со здоровыми животными по

- соседству или другой территории.
- Неукоснительно выполнять инструкции, выданные специалистами в области ветеринарии после осмотра больного или больного животного до установления диагноза.
- Примечание:**
- В случае неисполнения физическими и юридическими лицами «обязанностей по профилактике болезней животных, в том числе болезней, общих для животных и человека», установленных статьей 25 Закона Республики Казахстан «О ветеринарии», по статье 406 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК может быть произведено предупреждение физическим лицам или штрафов в размере месячного расчетного показателя, субъектам малого предпринимательства или некоммерческим организациям – двадцать пять, субъектам среднего предпринимательства – пятидесяти, влечет штраф на субъектов крупного предпринимательства в размере ста месячных расчетных показателей.
- В случае регистрации по статье 327 Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года №226-V ЗРК «нарушение ветеринарных правил или правил, установленных для борьбы с болезнями и вредителями растений» налагать штраф в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо в том же размере на исправительные работы либо на общественные работы на срок до восьмисот часов, либо на три года наказывается ограничением свободы либо лишением свободы на тот же срок.
- Қарағанды облысының аумақтық инспекциясының ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы.**

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алығы хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Құттықтаймыз!

Құрметті ұстазымыз
Майра Тәжібайқызы!

Сізді мерейлі 75 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Құрметті Майра ұс-таз сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз!



Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, салиқалы, салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз. Әрқайсымыздың өмірде өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл-кеңестеріңізге, бізді ел қатарына қосқаныңызға мың да бір рахмет айтып, шәкірттік ықыласымызды білдіргіміз келеді. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін біз сізге әрқашан қарыздармыз. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, балаларыңыздың білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасында орындалды. Үлкен өмірге ақ жол тілеп аттандырған ұстазымызға мәңгі тағзым.

“Қай жерде болсын, төрдегі орын ұстаздікі» деп бабаларымыз тегін айтпаған. Әулетіңіз дәулетті болып, лайым, ортамызда жыры, нұры, ұлағаты ұйытқысы болып, жасыңызға жас қосып, көңіліңізде әрқашан көктем әні шырқалсын. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болғай. Ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын. Жүз жасаныз.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы – деп ақын Ғ. Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән Майра ұстазымыздың бар болғанын мақтаншы етеміз.

Құрметпен: М.Горький атындағы мектептің 1990 жылғы 11»Б» сынып түлектері.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Хамитова Раушан Маралқызы!**

Сіз ұзақ жылғы ұстаздық еңбегіңіздің қызығы мен қиындығын қатар атқарып, жасаған еңбегіңіздің нәтижесін көретін зейнет жасына толып отырсыз.

Ұстаздың еңбегі шәкірттерінің шыққан биігімен өлшесек, өзіңізден дәріс алған оқушыларыңыз бүгінгі күні Сізді ерекше сезіммен еске алып, мақтан етеді.

Әріптестер арасында адал еңбегіңізбен, ақжарқын мінезіңізбен үлкен сый- құрметке бөленіп келесіз.

Осынау қуанышты сәтте отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында әдемі ғұмыр кешіңіз.

Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей болуыңызға шын жүректен тілектеспіз.

«Ақтоғай аграрлық – техникалық колледжі» КММ ұжымы.

Құттықтаймыз!

Үлкен әулеттің тірегі, қадірлі ана, асыл жар, немерелерінің сүйікті әжесі **Бишаева Шәйза Төлеуханқызы!** Сізді асқарлы 70 жасыңызбен құттықтаймыз.



Ардақты ана сіз асыл жарыңыз Маратпен бақытты бағында, ұл-қыздарыңыздың қуанышына, немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілердің ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз. Сіз жүрегіңізде жылуы мол әжесіз, ең бастысы бойына адалдықты, жақсылықты, мейірімділікті жинаған жансыз. Осы мерейлі күні ұрпақтарыңыз өркен жайып, өсіп-өніп үлкен жайқалған орманға айналып, әулеттің көш басын бастар отанасы боп отырсыз. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, баянды бақытын, байлық пен бақыттың кілті денсаулығыңыз зор, ұзақ ғұмыр тілейміз.

«Балам – балым, немере – жаным» деген қазақпыз ғой, әулетіңіздің жалғасы боп өсіп келе жатқан немерелеріңіз ауыз толтырып айтатын еліңіз арқа сүйер үлкен азаматтары болсын.

Немеренің иісі елден ерек тамаша,
Жүрегіңнің соғуы да жаңаша.

Шайға салған қант секілді ерісің,
Әже деген сөздеріне балаша.
Тілейміз бар бақытты Шайзекеңе,
Еш жамандық көрмесін ғазиз басың.
Отағасы әр қашан да жаныңда боп,
Қуәсі біз болайық 80 жастың.

Ақ тілекпен: көршілері – Құлпан, Марат, Нескен, Дәкен, Дәкен, Серік-Нәсіп, Болат-Бұлбұл, Өмірбек-Манат, Сейіт-Света, Нұртай-Марал.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Шәйза Төлеуханқызы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулығыңыз мықты болып, сол мықты денсаулықтың арқасында бала-шаға, немере, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Отағасы Маркеңмен бірге қартайып, Алла берген ұрпақтарыңызбен тамырын тереңге жайған бәйтеректей жапырақтарыңыз жайқала берсін. «Қосағыңызбен қоса ағарып» ақ жаулықты әже атаныңыз. Күш қайратыңыз кемімей, Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңыз бен ағайын-туыстың ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз. Шаңырағыңыз шатшадыман қызыққа толсын. Бейбіт заман, ашық аспан астында мерейлі күндеріңізді қарсы алып жүре беріңіз.



Жылдар жүгі жүректі қажытпасын,
Думанды ән көгіңнен қалықтасын.
Шуақты пернелері көңілдегі,
Туған күнде серпіліп қалықтасын.

Игі ниетпен: кластастары – Бәтима, Қуаныш-Құндыз, Өрік-Қарлығаш, Құрал-Несіпбала, Самат-Гүл, Дәния, Қанат-Дина.

***Кәсібің - нәсібің**

Ақтоғайда жаңа дүкен ашылды

Бизнес экономиканың қан тамыры секілді. Өйткені, кәсіпкерлік саласының өркендеуі халықтың әлеуметтік әлеуетінің артуына ықпал етеді. Елдегі кәсіпкерлік саласының кеңінен қанат жайып, өркендеуіне жеке кәсіпкерлердің қосып келе жатқан үлесі зор.



Күні кеше аудан орталығында С.Оразалин көшесінде жеке кәсіпкер Қанатбек Абилиннің «Гүл-Сән» атты азық-түлік дүкені есігін тұтынушыларға айқара ашты.

Кәсіпкерлік нысанның ашылуына ауыл әкімі Думан Ултыкеев, ауыл тұрғындары қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

– «Кәсіп түбі – нәсіп» дейді халық даналығы. Аудан көлемінде шағын және орта бизнесті дамыту жолға қойылған. Бүгінде сан салалы кәсіптің бір пұшпағын ұстап, адал еңбектің нанын жеп жүрген аудан жастарының тындырымды тірлігі қуантады. Бірі тігін шеберханасын ашса, енді бірі шаштараз, компьютер жөндеу, көлік жуу қызметін іске қосқан. Жалпы кәсіпкерлік саласының өркендеуі аудан, ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыратыны анық. Ауылымызда «Гүл-Сән» дүкенінің ашылуы жергілікті тұрғындар үшін барлық жағынан тиімді. Алдағы уақытта сауда нысаны тұрғындар сұранысын қанағаттандырып, нарықтық заманда табысты бизнес көзін қалыптастырады деп сенеміз, – деп сөз сабақтаған ауыл әкімі Д.Сәкенұлы ашылған дүкенге қазіргі заман талабына сай үлгіде ұстауын және халыққа қол жетімді бағамен қамтамасыз етуді ұсынып, құттықтау сөз сөйлеп, кәсіпкердің ісіне сәттілік тіледі.

Азық-түлік, тұрмыстық тауарларды саудалайтын нысанның іші таза әрі жарық. Барлық санитарлық талаптар сақталған. Елді мекенде жаңа сауда орнының ашылғанына ауыл тұрғындары да дән риза. «Сөрелерге қойылған өнім түрі көп әрі бағасы да қолжетімді екен. Енді алысқа бармай-ақ керек-жаракты үйдің жанындағы дүкеннен сатып алатын болдық», – дейді С.Оразалин көшесі тұрғындары.

Өз еңбегімен бастаған ісін аяқтап, ауыл тұрғындарына қажетті азық-түлікті төмен бағада қамтуды қолға алған кәсіпкер «Отбасымызбен кеңесе отырып, шағын дүкен ашуды жөн санадық. Болашақта кәсібімізді дамыту арқылы жанұямыздың шаруасын дөңгелетсек дейміз» – дейді Қанатбек бізге берген сұхбатында.

Думан АМАНГЕЛДІҰЛЫ,
Ақтоғай ауылы.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 980 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

